

ХҒТАР 14.21.03
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/3080-1710-2026-154-1-134-150>

Жасөспірім қыздардың гендерлік мәдениетін қалыптастыруда әкенің рөлі

М.Г. Кошкарлова*¹ , К.Т. Атемова² , З.А. Зубайраева³ 

^{1,3}Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан.

²Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: *¹madina.koshkarova@bk.ru, ²atemova_kt@enu.kz, ³zuhra-777@mail.ru)

Аңдатпа. Қазіргі қыз балалардың ер балаларға тиесілі мамандықтарды игеруі, қоғамдағы әлеуметтік ортаның әсері, әлеуметтік ортадағы қиыншылықтар қыз балаларды әйелдік нәзіктіктен еркектік қаталдыққа алып келіп жатқандай. Осы ретте, қыз балалардың ер балалар сияқты әрекет жасауы, ойлауы, киім киюі, қарым-қатынас жасауы отбасындағы қыздың және әйелдің рөлдерін дұрыс ұйымдастырмауынан көрініс тауып отыр. Қыз баланың эгосының артуы, ер кісіден өзін жоғары санауы, табиғатына және ұлттық болмысына тән емес құбылыстардың көрініс беруі осы мәселені зерттеуге негіз болды. Бұл мақаланы жазудағы негізгі мақсат - қыз балалардың жынысына, табиғатына, ұлттық болмысына тән қасиеттерді қалыптастыруда әкенің рөлін сипаттау болды. Осыған сай, зерттеу барысында жасөспірім қыздардың гендерлік мәдениетін қалыптастыруда әкенің рөлін анықтауға және оны арттыру жолдарын қарастыруға тырыстық. Мақалада жасөспірім қыздардың гендерлік сәйкестігін, мәдениетін, гендерлік рөлін қалыптастырудағы әке бейнесінің рөлі сипатталады. Батыс және отандық ғалымдардың зерттеулеріне сай тұжырымдалған көзқарастарына салыстырмалы талдау жүргізілді.

Зерттеуге 13-16 жас аралығындағы жасөспірім қыздар қатысты. Жасөспірім қыздардың гендерлік мәдениетке байланысты көзқарасын анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Бұл әдіс сандық деректерді алуға мүмкіндік берді. Сауалнаманың мазмұны әке мен жасөспірім қыздардың арасындағы қарым-қатынасты, әртүрлі аспектідегі (ұлттық, мансаптық, заманауи, гендерлік) мәселелерді қамтыды. Сауалнама нәтижелері диаграмма арқылы көрсетілді. Мақала соңында зерттеу нәтижелері негізінде ата-аналарға, әкелерге жасөспірім қыздардың болмысына сай гендерлік мәдениетті қалыптастыруға бағытталған ұсыныстар берілді.

Түйін сөздер: гендерлік мәдениет, әке, жасөспірім, гендерлік рөл, гендерлік нормалар, отбасы, қарым-қатынас.

Түсті: 09.10.2025; Мақұлданды: 15.03.2026; Онлайн қолжетімді: 31.03.2026

*хат-хабар авторы

Кіріспе

Қазіргі әлемде гендерлік мәдениет мәселесі мемлекеттің басты бағыты болып табылады. Біздің еліміз отбасы мен гендерлік мәселеге ерекше назар аудара отырып, осы орайда «ҚР 2030 жылға дейінгі отбасылық және тәжірибелік тұжырымдамасында (№384 жарлық, 2016 жылы 6 желтоқсан): «Ер адамдардың гендерлік жағдайдағы еркіндігі әкелердің бала тәрбиесіне аз қатысуына және баланы асырау үшін алимент төлеуде проблема тудырады» (Тұжырымдама, 2016) деп мәлімдеуі әкелердің бала тәрбиесінде белсенділік танытпауын, жеткілікті дәрежеде көңіл бөлмеуін бүгінгі тәрбиедегі олқылықтардың себептерінің бірі ретінде көрсетеді.

Қазақстанда 2021 жылы жүргізілген «Отбасылық-демографиялық саясат» атты зерттеу деректеріне сүйенетін болсақ, балалармен уақытты бірге өткізуде басымдықты 38,15%-ды аналар, 40,2 %-ды ана мен әке бірлесе қатысуды құрайды екен, ал 2,1% ғана әкелер өз бетінше қарым-қатынас жасайды екен. Осыған сәйкес елімізде болашақта ата-ана болуға аса жауапкершілікпен қарауын және ұрпақтәрбиесі мен дамуы әкенің белсенді қатысуын қалыптастыруға бағытталған көзқарасы отбасындағы эмоциялық ахуалды нығайтып, ұрпақ тәрбиесіндегі әкенің рөлін арттыруға, сондай-ақ жалғызбасты аналар санының азаюына септігін тигізетінін анықтап айтқан абзал. Сондықтан, әкелердің балалармен жеткілікті дәрежеде қарым-қатынас жасауына уақыттың жетіспеушілігі жасөспірім қыздардың гендерлік мәдениет пен гендерлік рөлдер туралы түсінігінің назардан тыс қалуына алып келгенін көрсетеді. Себебі, жасөспірім қыздардың гендерлік рөлдері әке мен ананың гендерлік мәдениетінің көрінісі арқылы қалыптасады. Демек, гендерлік мәдениет әке мен ана қатынасы нәтижесінде қалыптасып, дами түседі.

Әдебиеттерге шолу

«Гендерлік мәдениет» ұғымын зерттеген ғалымдардың еңбектеріне шолу жасайтын болсақ, сонау ерте кезден-ақ, біздің ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлері мен әдет-құрыптарында ер мен әйел, қыз бен ұл болмысына тән мәдениет ережелері нақты көрсетіліп, қалыптастырылған (Майерс, 2018). Ғалымның пікірінше, ер мен әйелдің қоғамдағы әлеуметтік рөлдері көне заманнан бастап халықтың мәдени дәстүрлері мен өмір салтында қалыптасқан, соның негізінде гендерлік мінез-құлық пен қарым-қатынас нормалары қоғамның тарихи дамуы барысында ұлттың рухани және әлеуметтік тәжірибесі арқылы бекітіліп отырған. Осы тұрғыдан алғанда, біздің халқымыздың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарында ер мен әйелге, ұл мен қызға тән мәдени рөлдер мен тәрбие үлгілері айқын көрініс тапқан. Нақты айтар болсақ, ата-бабаларымыз бекіткен гендерлік мәдениет - мәдени құндылықтар мен мұраттарға байланысты іс-әрекеттерді қамтыған.

Кейіннен гендерлік мәдениет ғылыми айналымға түскеннен кейін көптеген ғалымдар тарапынан оның мазмұндық сипаттары айқындала бастады. Солардың қатарында ғалым Н.И.Андрееваның зерттеуін айтуға болады. Ол «гендерлік мәдениет» ұғымының мазмұнын былайша сипаттайды: «Гендерлік мәдениет, бұл қоғамның ерекшелігін

құрайтын элемент ретінде әрекет ететін, гендерлік әлеуметтік-мәдени аспектілерді (гендерлік рөлдер, гендерлік қатынастар, гендерлік стереотиптер, отбасылық және неке қатынастары және т.б.) қалыптастыратын қоғамда әрекет ететін көзқарастар, принциптер, мінез-құлық матрицалары және т.б. жүйесі» деп көрсетті (Андреева, 2005). Оның пікірінше, гендерлік мәдениет қоғамның кез-келген бағытында көрініс табады. Автор гендерлік мәдениетті қалыптастыратын көзқарастарды, ережелерді, теорияларды, идеяларды гендерлік төзімділікке, әлеуметтік және биологиялық бағытына, теңдік пен еркіндікке қарай үйлестіруді көздейді.

М.П.Осипова бастауыш сынып оқушыларының гендерлік мәдениетін тәрбиелеу процесін зерттеу барысында гендерлік мәдениет ұғымына анықтама берген. Автордың пікірінше, «Гендерлік мәдениет - адамның жалпы мәдениетінің құрамдас бөлігі. Жалпы алғанда, гендерлік мәдениет белгілі бір жыныстың өкілі ретінде жеке тұлғаны анықтауды, ерлер мен әйелдердің рөлі мен өмірлік мақсаты туралы білім және олардың гендерлік рөлін қабылдауға және орындауға дайын болуды, сонымен қатар олардың жынысына, некеге, болашақ ана мен әке болуға құндылық қатынасын, басқа жыныстың өкілдеріне кемсітушілік қатынастың болмауын қамтиды» деп сипатталады (Осипова, 2015). Осының негізінде бастауыш сынып оқушыларының гендерлік мәдениетін тәрбиелеуді ерте жастан бастау қажеттігін анықтаған.

Сонымен қатар, ғалым Н.А.Шинкареваның ойынша, «гендерлік мәдениет - ерлер мен әйелдер туралы идеялардың динамикалық жиынтығына, олардың биологиялық жынысына, әлеуметтік рөлдеріне, стереотиптеріне, өз жынысына және қарама-қарсы жынысқа, сәйкес жыныстық рөлдік мінез-құлыққа негізделген жеке тұлғаның тұтас дамуының негізгі құрамдас бөлігі» деп түсіндіріледі (Шинкарева, 2010). Автордың анықтамасы бойынша, гендерлік мәдениет биологиялық және әлеуметтік тұрғыда өз көзқарасын, идеясын, мінез-құлқын білдіру және түсіну секілді әрекеттерден тұратынын көруге болады.

Қазіргі уақытта отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде «гендерлік мәдениет» ұғымы туралы әртүрлі тәсілдерге негізделген көптеген анықтамалар бар. Сондықтан гендерлік мәдениет құрылымы мен қызметі көптеген өзге де ғалымдар зерттеулерінің негізгі объектісі болып, зерттелген. Төменде біз оларды кестемен былайша көрсеттік (1-кесте):

1-Кесте. Гендерлік мәдениет ұғымына контент-талдау

Автор	Анықтама	Негізгі идея
О.И.Чеснакова	Гендерлік мәдениет - бұл эгалитарлық құндылықтарды беру және ассимиляциялау қызметі.	Эгалитарлық құндылықтар
Н.И.Андреева	Гендерлік мәдениет - бұл жыныстың әлеуметтік-мәдени аспектілерін қалыптастыратын белгілі бір қоғамдағы көзқарастарды, тұжырымдарды, принциптерді, мінез-құлық матрица-ларын және т.б. үйлестіру.	Қарым-қатынастың әлеуметтік-мәдени аспектілері
Ф.Т.Мамедов	Гендерлік мәдениет - бұл ерлер мен әйелдер арасындағы әлеуметтік қатынастар жүйесі, олардың тұлғааралық қарым-қатынасын, отбасындағы және қоғамның негізгі институттарындағы өзара әрекеттесуін сипаттайды.	Әлеуметтік қатынастар жүйесі
С.Д.Матюшкова	Гендерлік мәдениет - бұл гендерлік құндылықтарға негізделген ерлер мен әйелдер арасындағы қарым-қатынас мәдениеті.	Қарым-қатынас мәдениеті
В.Ю.Москалюк	Гендерлік мәдениет - бұл жыныстың әлеуметтік-мәдени аспектілерін (гендерлік рөлдер, гендерлік қатынастар, гендерлік стереотиптер, отбасылық-некелік көзқарастар және т.б.) қалып-тастыратын белгілі бір қоғамдағы көзқарастар, принциптер, мінез-құлық матрицалары және т.б. жүйесі.	Әлеуметтік-мәдени аспектілер жүйесі

Сонымен қатар, жеткіншектер мен жасөспірімдердің әртүрлі жас топтарындағы гендерлік мәдениетінің әртүрлілігін, оған кіретін гендерлік сәйкестілік пен теңдік туралы түсініктерді анық ашып көрсететін зерттеулері мен білім беру контекстін Пейн мен Смит, Майер мен Карлсон, Джонс және т.б. (Bragg et al., 2020) зерттеді.

Бірлескен авторлар өздерінің тәжірибелеріне (Tracy Citation, 2019; Hammersley & Atkinson, Citation 2019) сүйене отырып, бұл гендерлік көзқарасы мен мінез-құлқын қалыптастыруда шешуші рөл атқаратынын маңызды, берілген сауалнамадағы сұрақтардағы гендерлік мәдениеттің мәдени нормалар мен құндылықтарға сәйкестігі туралы жиналған деректердің шынайылығы мен маңыздылығын (Nour Dennaoui et al., 2024) қарастырылды.

Гендерлік қарым-қатынастар мен мінез-құлықтың дамуындағы маңызды кезең - жасөспірімдік шақ. Бұл жастағы өзгерістер қыз балалардың қалыптасуында өмір бойына әсер етуі мүмкін (John et al., 2017). Осы ретте, жасөспірім қыздардың тәрбиесіне ерекше мән беріліп, олардың гендерлік мәдениетін қалыптастыруда әкенің рөлі алдыңғы қатардағы мәселе болып табылатыны сөзсіз деп білеміз. Жалпы отбасының өзара әрекеттесуі гендерлік мәдениеттің қалыптасуына тікелей және жанама түрде әсер етеді. Мәселен, ана мен әкенің гендерлік санасы, рөлдік қатынасы, көзқарастары мен құндылықтары сияқты факторлар гендерлік мәдениетті қалыптастыруға септігін

тигізеді. Сонымен қатар, қалыптасқан жағдайда қоғам дамуының басты міндеттерінің бірі - рухани өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға қабілетті, екі және одан да көп баласы бар табысты отбасының моделін қалыптастыру, сондай-ақ жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын сақтау, ана мен әкенің қоғамдағы қатынасы, олардың отбасындағы орындары мен міндеттері, қызметтері мен қоғамдағы рөлдері гендерлік мәдениетке тән аспектілер болып табылады.

Осы тұста, жасөспірім қыздардың гендерлік мәдениетін қалыптастыруға отбасылық дәстүрлердің және мәдениеттің іске асуы, гендерлік рөлдің бөлінуі де әсер етеді (Балюкова, 2024). Автордың зерттеуінде, кез-келген этноста жасөспірім қыздарда гендерлік мәдениетті қалыптастыруда әкенің рөлі ерекше деп көрсетеді. Әкенің бейнесі жасөспірім қыздардың өміріндегі еркектің қамқорлығы мен еркектік қорғаныстың басты мысалы болып табылады. Жасөспірім қыздағы әйелдік қасиеттерді және қыздың әйелдік нәзіктікке қатынасын қалыптастыратын да оның әкесі деп сипаттайды. Бұл көзқарас біздің зерттеу тақырыбымызда да қарастырылады, оның негізгі қыздардың гендерлік сәйкестігін қалыптастырудағы әке бейнесінің рөлін анықтау болып табылады. Әкенің қамқорлығы мен мейірімі қыздың өмірлік серігін таңдауда және қыздың болашақта тұлғалық дамуына оң әсер етеді. Жасөспірім қыз әлеуметтік ортада өзін қауіпсіз, әрі қорғалған болып сезінуі үшін әкесімен қарым-қатынасы өзара сенімге негізделген болуы маңызды.

Бүгінгі жасөспірім қыздарды отбасына құндылық көзқараспен тәрбиелеу маңызды болып келеді: жыныстық гендерлік мәдениет және тұлғааралық қатынастар мәселелерінде ақпараттық, қалыптасқан адамгершілік және рухани қасиеттері бар, отбасылық және ұлттық дәстүрлерді құрметтейтін, позитивті қызметке тартылған, білімді, зияткерлік және кәсіби дамыған, еңбек нарығында бәсекелестікке қабілетті. Яғни, әкенің, ананың гендерлік мінез-құлық түрлері жасөспірім қыздардың тәрбиесіне әсер етіп, әкенің мінез-құлқы, гендерлік рөлдерге деген көзқарасы, гендерлік теңдікті ұстануы және т.б. әрекеттері арқылы қарым-қатынасы қалыптасады (Талдамалық есеп, 2024).

Гендерлік мәдениет білімі біртұтас бейнеге айналатын ұғымдардың үлкен спектрін қамтиды. Гендерлік мәдениет еркектік пен әйелдікке қатысты жалпы қабылданған стереотиптер мен алалаушылықтарды сыни тұрғыдан түсіну нәтижесінде қалыптасады, күнделікті өмірде осы принциптерді ұстану арқылы көрінеді. Сонымен, гендерлік мәдениет дегеніміз – ерлер мен әйелдердің арасындағы өзара қарым-қатынастарды қоғамдық тұрғыдан реттеу, тұлғалардың жыныстық қатынастарына өзара әрекеттесу ережелері мен нормаларының жиынтығы.

Ендеше, жасөспірім қыздардың жынысына, табиғатына, ұлттық болмысына тән қасиеттерді қалыптастыруда әкенің рөлін арттыра түсу қажеттілік туғызады. Бұл аталмыш тақырыптың бүгінгі күні қоғамда қажеттілігі зерттеу мәселесіне деген көзқарасымыздың өзектілігін дәлелдейді.

Материалдар мен әдістер

Әдебиеттерге шолу жасау барысында Scopus және Google Scholar дерекқорлары пайдаланылды. Дерекқордан «гендер», «жасөспірім», «гендерлік мәдениет», «гендерлік рөл», «отбасы», терминдері қолданылды. Сондай-ақ, гендерлік мәселеге қатысты тұжырымдамаларға, талдамалық есепке, заңнамаға, әдістемелік нұсқауларға шолу

жасалынды. Жасөспірімдермен сауалнама әдісі жүргізілді. Бұл әдістер «әке мен қыздың» арасындағы қарым-қатынасты, әртүрлі аспектідегі (ұлттық, мансаптық, заманауи, гендерлік) мәселелерді анықтауға және сандық деректерді алуға мүмкіндік берді.

Зерттеуге жалпы білім беретін мектептің 9-11 сыныптан және колледждерден 152 жасөспірім қыз қатысты. Зерттеуге қатысқан жасөспірім қыздар туралы мәліметті төмендегі кестемен көрсеттік (2-кесте):

2-Кесте. Сауалнамаға қатысқан жасөспірім қыздар туралы мәлімет

Айнымалы	Саны	Пайыз
Оқушының жынысы		
Қыз бала	152	100 %
Жасы		
13-14	69	45,4 %
15-16	83	54,6 %
Білімі		
Мектеп	137	90,1 %
Колледж	15	9,9 %
Әкесінің білім деңгейі		
Орта білім	7	4,6 %
Негізгі білім	26	17,1 %
Техника/колледж	74	48,7 %
ЖОО	45	29,6 %
Әкесінің жұмыс жағдайы		
Жұмыс жасайды	141	92,8 %
Жұмыс жасамайды	11	7,2 %
Отбасы құрамы		
Толық отбасы	121	79,6%
Толық емес отбасы (ажырасқан)	31	20,1%

Зерттеуге 13-16 жас аралығындағы 152 жасөспірім қыз қатысты. Жасөспірім қыздардың 90,1%-ы мектеп оқушылары болса, 9,9%-ы колледж студенттері болды. Әкелердің білім деңгейінің басымдығы техникум/колледж - 48,7%-ы; ЖОО дипломы барлар - 29,6 %; негізгі білім - 17,1%, орта білім 4,6 %-ды құрады. Әкелердің қызметіне келетін болсақ, 92,8%-ы жұмысбасты; ал 7,2%-ы жұмыссыз екенін көрсетті. Жасөспірім қыздардың ата-анасы бар толық отбасын 79,6%-ы құраса, ал толық емес отбасы 20,1%-ды құрады.

Аталған деректер жасөспірім қыздардың әлеуметтік-демографиялық жағдайы мен отбасылық ортасының әртүрлі деңгейде екенін айқындайды. Бұл факторлар отбасындағы әке мен қыз балалар қарым-қатынасының психоәлеуметтік дамуына,

қызға тән мінез-құлық ерекшеліктеріне және қоғамдық ортада әлеуметтік бейімделуіне ықпал ететін маңызды компоненттер болып табылады.

Жасөспірім қыздардың «әке мен қыздар» арасындағы қарым-қатынасты, әртүрлі қатынастағы мәселелерді анықтау мақсатында сауалнама алдық. Сауалнама 9 сұрақтан тұрды:


- 1) Сіз отбасыңызда кіммен жиі сөйлесесіз? Жауабы: а) ана; ә) әке; в) аға және әпке.
- 2) Сіздің отбасыңызда әкеңіз қандай қызметтерді атқарады? Жауабы: а) отбасын асырау; ә) бала тәрбиесі; б) тұрмыстық мәселелерді шешу.
- 3) Сіз әкеңізбен қаншалықты уақыт өткізесіз? Жауабы: а) 3-4 сағат; ә) 1-2 сағат; б) 30 минут; в) өткізбеймін.
- 4) Сіздің сенімді болып қалыптасуыңызға әке әсер етеді ме? Жауабы: а) иә; ә) жоқ; б) білмеймін.
- 5) Сіздің ойыңызша, әке сыйластық пен гендерлік теңдікке үйретеді ме? Жауабы: а) иә; ә) жоқ; б) білмеймін.
- 6) Сіздің ойыңызша, қыз әкесімен қарым-қатынасты анасымен қарым-қатынаста болғандай еркіндікте бола алады ма? Жауабы: а) иә; ә) жоқ; б) білмеймін.
- 7) Сіздің әкеңіз сізге «Қыз баласы бұлай киінуге, сөйлеуге болмайды және тағы сол секілді» тіркестерді жиі айтады ма? Жауабы: а) жиі; ә) кейде; б) мүлдем айтпайды.
- 8) Сіздің ойыңызша, отбасындағы сізге қатысты мәселе болғанда ең соңғы шешімді кім шығарады? Жауабы: а) әкем; ә) анам; б) өзім;
- 9) Сіз әкеңізді қандай рөлде көресіз. Жауабы: а) асыраушы; ә) қатал қадағалаушы; б) жұмысбасты адам; в) қамқор және мейірімді адам.

Зерттеу барысында алған қандай да бір мәлімет құпияда сақталатыны ескертілді. Жасөспірім қыздардың ата-аналары мен сынып жетекшілерінен рұқсат алынды.

Нәтижелер және талқылау


Жасөспірім қыздардың «әке мен жасөспірім қыздар» арасындағы қарым-қатынастың сипатын анықтау мақсатында алынған сауалнаманың нәтижелерін қарастырайық.

Бірінші, «Сіз отбасыңызда кіммен жиі сөйлесесіз?» сұрақ бойынша сауалнамаға қатысқан жасөспірім қыздардың 57%-ы отбасында анасымен жақын сөйлесетінін айтса, 22%-ы әкесімен жақсы сөйлесетінін айтқан, сонымен қатар бауырларымен жиі сөйлесетін қыздардың көрсеткіші 21%-ды көрсетті. Бұл сұрақ бойынша жасөспірім қыздардың басым көпшілігінде анасымен қарым-қатынасты неғұрлым жақын ұстайтыны, жасөспірім қыз ананың эмоционалды қолдау мен сенім көзі ретіндегі рөлінің жоғары екені анықталды. Берілген көрсеткішке қарағанда қыз бала үшін ананың эмоционалды және коммуникативтік тұрғыдан негізгі тұлға екенін, ал әкемен және бауырларымен қарым-қатынастың салыстырмалы түрде әлсіздеу екенін айқындайды.




1-сурет. «Сіз отбасыңызда кіммен жиі сөйлесесіз?» сұрақтың нәтижесі

Екінші, «Сіздің отбасыңызда әкеңіз қандай қызметтерді атқарады?» деген сұрақ бойынша жасөспірім қыздардың 62%-ы әкенің негізгі рөлі отбасын асырау деп білетіндігін; 12%-ы бала тәрбиесімен айналысу әкеге де тиесілі деп білетінін; ал 26%-ы тұрмыстық мәселелерді шешу әкенің міндеті деп білетінін айтқан. Бұл сұрақтың нәтижесіне жүгінетін болсақ, жасөспірім қыздардың көпшілігі әкені отбасындағы негізгі материалдық қамтамасыз етуші ретінде қабылдайтынын көрсетті. Бұдан біз әке рөлінің дәстүрлі көзқарас тұрғысынан басым екенін байқаймыз. Сонымен қатар, жауап берушілердің белгілі бір бөлігі әкенің бала тәрбиесіндегі және тұрмыстық мәселелерді шешудегі үлесін де маңызды деп есептеген. Бұл нәтиже көрсеткіштер әлеуметтік қоғамда әкенің рөлін қабылдауда дәстүрлі және заманауи түсініктердің қатар көрініс табатынын көрсетеді.




2-сурет. «Сіздің отбасыңызда әкеңіз қандай қызметтерді атқарады?» деген сұрақтың нәтижесі

Үшінші, «Сіз әкеңізбен бірге қаншалықты уақыт өткізесіз?» деген сұрақ бойынша сауалнамаға қатысқан қыздардың 35%-ы әкемен бірге өткізетін уақытын 30 минут деп; 32%-ы 1-2 сағат деп; 26%-ы мүлдем әкесімен бірге уақыт өткізбейтіні; ал, 7%-ы ғана 3-4 сағат уақыт әкесімен бірге уақыт өткізетінін айтқан. Бұл сұраққа жауаптары бойынша қыздардың басым бөлігі әкелерімен шектеулі уақыт өткізетінін көрсетті. Бұдан біз қазіргі отбасындағы әке мен қыз арасындағы эмоционалды және коммуникативтік байланыстың жеткіліксіз деңгейде екенін аңғартады. Алынған мәліметтерге сүйенсек, жасөспірім қыздардың көпшілігі әкелерімен күнделікті қарым-қатынасқа аз уақыт бөлетінін атап көрсеткен болды.



3-сурет. «Сіз әкеңізбен бірге қаншалықты уақыт өткізесіз?» деген сұрақтың нәтижесі


Төртінші «Сіздің сенімді болып қалыптасуыңызға әке әсер етеді ме?» деген сұраққа қыздардың 48%-ы сенімді және өзін-өзі бағалауына әке әсер етеді деп жауап берген; 32%-ы әкенің әсері жоқ деген жауап берген, ал, 20%-ы жауап беруге қиналған. Осы сұрақ жауабынан алынған мәліметтер жасөспірім қыздардың басым бөлігі әкенің сенімділік пен өзін-өзі бағалау деңгейіне әсерін атап көрсеткен. Дегенмен, респонденттердің бір бөлігі қазіргі кезде әкенің бұл тұрғыдағы ықпалын сезінбейтінін немесе нақты пікір білдіре алмағанын байқатады. Қыздардың бұл жауабынан байқайтынымыз отбасында әке рөлін қабылдау мен бағалауда жеке тәжірибе мен отбасылық өзара қарым-қатынастардың ерекшеліктері бізге маңызды фактор болатынын анықтап берді.



4-сурет. «Сіздің сенімді болып қалыптасуыңызға әке әсер етеді ме?» деген сұрақтың нәтижесі


Бесінші «Сіздің ойыңызша, әке сыйластық пен гендерлік теңдікке үйретеді ме?» деген сұраққа жасөспірім қыздардың 52%-ы «иә» деп жауап берсе, 58%-ы «жоқ» деп жауап берген. Бұл сұрақ жауабының нәтижелеріне қарасақ, жасөспірім қыздардың пікірі екіге бөлінгенін көрсетіп тұр. Бұл көрсеткіште әкенің сыйластық пен гендерлік теңдікке үйретудегі рөлінің отбасы арасындағы әртүрлі деңгейде қалыптасқанын білдіреді. Зерттеу нәтижелері қыздардың гендерлік теңдік пен сыйластық құндылықтарын қалыптастырудағы әке рөліне қатысты көзқарастарының біркелкі еместігін анықтады. Мұндай айырмашылықтар отбасындағы тәрбиелік ұстанымдар мен гендерлік рөлдерге қатысты әлеуметтік көзқарастардың әркелкі болуымен түсіндіріліп, өз кезегінде

отбасындағы әкенің тұлғалық үлгісінің қыз бала үшін құндылық бағдарларына әсер ету дәрежесі отбасының ішкі мәдениеті мен қарым-қатынас сипатына тәуелді екенін көрсетеді.



5-сурет. «Сіздің ойыңызша, әке сыйластық пен гендерлік теңдікке үйретеді ме?» деген сұрақтың нәтижесі


Алтыншы «Сіздің ойыңызша, қыз әкесімен қарым-қатынасты анасымен қарым-қатынаста болғандай еркіндікте бола алады ма?» деген сұраққа жасөспірім қыздардың иә деген жауабы - 32%-ды; жоқ деген жауап - 68%-ды құрады. Осы сұрақтың жауабы бойынша қыздардың көпшілігі өз әкелерімен қарым-қатынаста өздерін анасымен байланысына қарағанда еркін сезінбейтінін көрсетті. Бұл әке мен қыз арасындағы эмоционалды ашықтықтың шектеулі екенін аңғартады. Берілген көрсеткіш әке мен қыз арасындағы эмоционалды ашықтықтың, сенім мен өзара түсіністіктің жеткілікті деңгейде қалыптаспай отырғанын білдіреді. Мұндай жағдайда әкенің отбасындағы рөлдік мінез-құлық ерекшелігімен, қарым-қатынас стилімен немесе мәдени дәстүрлердің ықпалымен байланысты болуы мүмкін.



6-сурет. «Сіздің ойыңызша, қыз әкесімен қарым-қатынасты анасымен қарым-қатынаста болғандай еркіндікте бола алады ма?» деген сұрақтың нәтижесі


Жетінші «Сіздің әкеңіз сізге «Қыз баласы бұлай киінуге, сөйлеуге болмайды және тағы сол секілді» тіркестерді жиі айтады ма?» деген сұраққа жасөспірім қыздардың 27%-ы олардың әкелері тарапынан қыздардың сырт келбеті мен киім киюіне, сөйлеу мәнеріне, жүріс-тұрысына «жиі» сыни пікір айтатынын мәлімдесе, 43%-ы «кейде» сыни пікір айтады деген; ал, 30%-ы әкелерінің «мүлдем» сыни пікір айтпайтын айтқан. Бұл

сұрақтың көрсеткіші бойынша жасөспірім қыздардың басым бөлігі әкелерінен кейде немесе жиі сыни пікір естиді. Бұл әке мен қыз арасындағы қарым-қатынастың кейде бақылаушы немесе қатаң сипатта екенін көрсетеді. Бұл жауапта әке тарапынан бақылау мен сынның рөлі отбасы ішінде әртүрлі деңгейде болатынын және эмоционалды өзара қатынастың ерекшеліктерін көрсетеді. Отбасында осындай сындық қатынас қыздың өзіндік сенімділігі мен психологиялық жай-күйіне әсер етуі ықтималдылығы жоғары.




7-сурет. «Сіздің әкеңіз сізге «Қыз баласы бұлай киінуге, сөйлеуге болмайды және тағы сол секілді» тіркестерді жиі айтады ма?» деген сұрақтың нәтижесі

Сегізінші «Сіздің ойыңызша, отбасында сізге қатысты мәселеде ең соңғы шешімді кім шығарады? деген сұраққа жасөспірім қыздардың 68%-ы әкені; 32%-ы ананы көрсеткен. Бұл сұрақтың жауап нәтижелері көрсеткендей, жасөспірім қыздардың көпшілігі отбасындағы маңызды мәселелер бойынша соңғы шешімді әке қабылдайтынын көрсеткен және де бұл отбасының рөлдік құрылымында әкенің билік пен жауапкершілік атқаратын негізгі тұлға екенін мойындайды. Сонымен қатар, жауап берушілердің 32%-ы шешім шығаруда ананың рөлі басым екенін айтқан, бұл отбасы ішінде рөлдердің біркелкі еместігін және кейбір шешімдерде ана ықпалының сақталатынын білдіреді. Мұндай көрсеткіштер отбасындағы гендерлік рөлдер мен шешім қабылдау мәдениетін түсінуге мүмкіндік береді.



8-сурет. «Сіздің ойыңызша, отбасында сізге қатысты мәселеде ең соңғы шешімді кім шығарады? деген сұрақтың нәтижесі

Тоғызыншы «Сіз әкеңізді қандай рөлде көресіз» деген сұраққа жасөспірім қыздардың 72%-ы әкелерін отбасын асыраушы ретінде көрсе; 12%-ы қатал әке рөлінде көрген; 25%-ы үнемі жұмыста болатын әке деп; ал, тек 7%-ы ғана қамқор және мейірімді әке ретінде көретінін айтқан. Бұл сұрақтың жауабының нәтижелерін талқылайтын болсақ, жасөспірім қыздардың басым бөлігі әкелерін негізгі рөлде — отбасын асыраушы ретінде қабылдайтыны анықталды. Бұдан біз әке бейнесінің материалдық қамтамасыз етуші рөлмен тікелей байланысты екенін көреміз. Сонымен, отбасындағы әке рөлінің көбінесе экономикалық қамтамасыз ету мен бақылаушы сипатқа ие екенін көріп отырмыз, ал әкенің эмоционалды және қамқорлық рөлі салыстырмалы түрде аз бағаланатынын анықталды.



9-сурет. «Сіз әкеңізді қандай рөлде көресіз» деген сұрақтың нәтижесі

Бұл зерттеу нәтижелерінен біз жасөспірім қыздар мен әке арасындағы қарым-қатынасын анықтауға тырыстық. Алынған деректер әке бейнесінің негізінен дәстүрлі экономикалық және бақылаушы рөлмен байланысып, қыз балаға эмоционалды қолдау мен қамқорлық аспектілері салыстырмалы түрде төмен бағаланатынын көрсетеді. Мұндай көрсеткіштер әке рөлін қабылдаудағы мәдени және әлеуметтік факторлардың ықпалын айқын дәлелдейді. Сондықтан, жасөспірім қыздардың гендерлік мәдениетін қалыптастыру мәселесін зерттеуде әкенің рөлін анықтау маңызды болып табылды.

Сауалнама сұрақтарының мазмұнында әке мен қыздың арасындағы қарым-қатынасты анықтауға бағытталды. Зерттеу нәтижелерінен жасөспірім қыздардың гендерлік рөлдері «әке-күшті», «ана-әлсіз» бейнесінде қалыптасқандығы көрінеді. Сондай-ақ, отбасында әкенің басты қызметі асыраушы рөлінде айқындалып отыр.

Жасөспірім қыздардың сауалнама нәтижелерінен басым бөлігі анадан қолдау алатынын, анамен сырласатынын, ананың орнын әке баса алмайтындығын көрсетті. Демек, әкеден қолдау күтетінін, оның сенімді болып қалыптасуына әкенің рөлі басым екенін көрсетті. Сонымен қатар, сауалнама нәтижелерінде әке қамқорлығына мұқтаж екеніне, ал көптеген әкелердің отбасындағы қыз балаларына уақыт бөліп оған мән бере бермейтіндігі айқындалды.

Осылайша, жасөспірім қыздардың өз отбасыларындағы ата-аналарынан көрген тәжірибелері бойынша гендерлік рөлдерді: отбасы мәселесіндегі ең соңғы шешімді қабылдайтын әке деген пікірге және әкенің ең басты міндеті отбасын асырау деген пікірмен толықтай келісетінін көрсетті. Осы орайда, бізге дейін зерттеу жүргізген А.Қасаболат және қосалқы авторлардың ұсынған сауалнамаларының нәтижесінде «әйел» адамдарын рөлі әлсіз кейіпкер ретінде танылатынын біздің де зерттеулеріміз

растап бергендей (Қасаболат, 2024). Осы тұрғыда, гендерлік мәдениет екі жыныстың өкілдеріне құрметпен қарауды қалыптастыруды, болашақ ұрпақты тәрбиелеуде ерлі-зайыптылар арасындағы дұрыс қарым-қатынастарды насихаттауды және үй шаруашылығын жүргізуді, қазіргі заманғы жасөспірім қыздардың ана болуға деген оң көзқарасын қалыптастыруды, зорлық-зомбылықты алдын алуды қамтиды.

Әке мен жасөспірім қыздардың қарым-қатынасын анықтай отырып, жасөспірім қыздардың өзін-өзі бағалауында, сыйластық қатынаста, гендерлік теңдік мәселесі әкеге қатысты пікірлерге респонденттердің басым бөлігі толықтай келісетіні анықталды. Сондай-ақ, әкенің тәрбиеге араласуы жасөспірім қыздардың өзін-өзі бағалауына оң әсер етіп, өзін-өзі бағалауын ынталандырады. Сонымен бірге, жасөспірім қыздардың тұлғалық дамуына және ұлдармен қарым-қатынасты дұрыс қабылдауына оңтайлы ықпал етеді (Runcan, Druşca, 2019).

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жасөспірім қыздардың көпшілігінің өзін-өзі бағалауы, отбасындағы өзара сыйластық қатынастары және гендерлік теңдік мәселелерінде әкенің рөлі маңызды екенін мойындайды. Бұл әке мен жасөспірім қыздар арасындағы қарым-қатынастың психологиялық және әлеуметтік әсерін айқындайды.

Сонымен, әкенің жасөспірім қыздармен қарым-қатынасы олардың гендерлік мүмкіндіктерін кеңейтуге, тұлға ретіндегі өзіне деген сенімдерін қалыптастыруға, өзінің кәсіби жетілуіне мүмкіндік беретінін көрсетеді (Lesch, Scheffler, 2016; Corleis & Lesch, 2024). Олай болса, «әке мен қыз бала қарым-қатынасы» жасөспірім қыздардың гендерлік мәдениетін қалыптастыруға негіз болатын үлкен күш болып табылады.

Қорытынды

Қазіргі кезде жасөспірім қыздар мен әке арасындағы қарым-қатынас – қоғамның маңызды әлеуметтік мәселелерінің бірі. Бұл қарым-қатынас негізінде отбасында мықты сенім мен өзара түсіністік, ұлттық құндылықтар мен қасиеттер қалыптасады. Қай ғасырда болса да қазақ халқы үшін отбасы – бұл мықты тірек, ал әке – сол отбасының басты тіреуіші және қорғанышы болып табылады. Сондықтан, жасөспірім қыздардың тұлға болып қалыптасуына, рухани және психологиялық дамуына әкенің қолдауы мен махаббаты, өмірлік жолына дұрыс бағыт-бағдар беруі аса маңызды.

Зерттеу нәтижелерін тұжырымдап, қорытындылай келе, мынадай ұсыныстар жасағымыз келеді:

1) «Әке мен жасөспірім қыздар арасындағы қарым-қатынас» тақырыбында гендерлік мәселені талқылауға бағытталған тренингтер, семинарлар мен коучингтер өткізу негізінде әкелердің қыз тәрбиесіне деген жауапкершілігін арттыру қажет;

2) Отбасындағы қыз балалардың өзін-өзі бағалауын арттыру мен тұлғалық сенімділігін қалыптастыру мақсатында мектеп тарапынан қолдау мен психологиялық-педагогикалық кеңестер, ақпараттық кездесулер өткізіліп тұруы тиіс;

Мектептерде «Әке мен қыз бала қарым-қатынасы» контекстінде ұйымдастырылған үйірмелер мен сырласу кештеріне, кездесулер мен сайыстарға әкелердің қатысу белсенділігін арттыру қажет.

Авторлардың қосқан үлесі:

М.Г.Кошкарлова – ғылыми еңбектерге талдау, жинақтау, салыстыру жүргізу, сауалнама нәтижелерін ұсыну.

Г.А.Атемова – мақаланың дизайнын әзірлеу.

З.А.Зубайраева – мақаланы рәсімдеу.

Әдебиеттер тізімі

Андреева, Н.И. (2005) Формирование гендерной культуры в современном обществе: философско-культурологический анализ. Дис. ... докт. филос. наук, 09.00.13. Ростов н/Д: Ростовский государственный университет, 285 с.

Балюкова, И.Б. (2024) Этнические особенности роли образа отца в формировании гендерной идентичности девушек, Мир науки. Педагогика и психология, 12(2). Қолжетімді: <https://mir-nauki.com/PDF/43PSMN224.pdf> (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 14 қараша).

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы (2016) «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Президентінің № 384 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы». Қолжетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000384> (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 14 қараша).

Қасаболат, А., Ағабекова, Ж., Калкеева, К., және Калимжанова, Р. (2024) Педагогикалық теория мен практикадағы гендерлік тұрақтылық және теңдік мәселесі, 3i: intellect, idea, innovation, 1, 68–756. https://doi.org/10.52269/2266070_2024_1_68

Майерс, Д. және Туенж, Ж. (2018) «Әлеуметтік психология». 12-басылым. Астана: Ұлттық аударма бюросы, 648 б.

Осипова, М.П. (2015) Воспитание гендерной культуры младших школьников, Вестник Брестского университета. Серия 3. Филология. Педагогика. Психология, (2), С. 91–99.

Талдамалық есеп. (2024) «Қазақстандағы гендерлік теңдікті және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге қоғамдық көзқарас». Астана, 112 б.

Шинкарёва, Н.А. (2010) Особенности гендерной культуры и уровни ее сформированности у воспитанников детского дома, Вестник Томского государственного педагогического университета, (10), С. 116–120.

Bragg, S., Renold, E., Ringrose, J., and Jackson, C. (2020). 'More than boy, girl, male, female': Exploring young people's views on gender diversity within and beyond school contexts. In *Trans youth in education* (pp. 100-114). Routledge.

Corleis, V. and Lesch, E. (2024). 'Empowering Daddy's Little Girl: A Selective Review and Synthesis of Literature on Fathers' Engagement With Daughters and Its Potential to Empower Daughters', *Men and Masculinities*, 0(0). <https://doi.org/10.1177/1097184X241287517>

Dennaoui, N., Kolt, G.S., Guagliano, J.M. and George, E.S. (2024). 'Participation in physical activity and sport in adolescent girls from Middle Eastern backgrounds', *Ethnicity & Health*, 29(7), pp. 756–773. <https://doi.org/10.1080/13557858.2024.2376054>

John, N. A., Stoebenau, K., Ritter, S., Edmeades, J., and Balvin, N. (2017). 'Gender socialization during adolescence in low-and middle-income countries: Conceptualization, influences and outcomes. Қолжетімді: <https://hdl.handle.net/20.500.12799/5318> (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 14 қараша).

Lesch, E. and Scheffler, F. (2016). 'Fathers, adolescent daughters and gender in a low-income South African community', *Journal of Gender Studies*, 25(5), pp. 540–556. <https://doi.org/10.1080/09589236.2015.1051521>

Runcan, R. And Drușcă, O. (2019). 'Social Work and Family Relationships: Impact of Paternal Education on Teenage Girls', *Revista de Asistență Socială*, 17, pp. 67–84.

М.Г.Кошкарлова*¹, К.Т.Атемова², З.А.Зубайраева³

^{1,3} *Кокшетауский университет имени Абая Мырзахметова, Кокшетау, Казахстан.*

² *Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан.*

Роль отца в формировании гендерной культуры девочек-подростков

Аннотация. Овладение современными девушками профессиями, принадлежащими мальчикам, влияние социальной среды в обществе, трудности в социальной среде приводят девочек от женской хрупкости к мужской строгости. При этом поведение, мышление, одевание, общение девочек как мальчиков, проявляется в неправильной организации ролей девушки и женщины в семье. То есть повышение эго девочки, повышенное самосознание мужчины, проявление явлений, не свойственных его природе и национальному бытию, послужили основой для изучения этого вопроса. В этом контексте основная цель написания данной статьи – описать роль отца в формировании качеств, присущих полу, природе, национальной идентичности девочек. Таким образом, в исследовании рассматривалась роль отца в формировании гендерной культуры девочек-подростков. Характеризовалась роль образа отца в формировании гендерной идентичности, культуры, гендерной роли девочек-подростков. Проведен сравнительный анализ исследований и подходов отечественных ученых в западных странах.

В исследовании приняли участие девочки-подростки в возрасте от 13 до 16 лет. В качестве метода исследования был выбран опрос. С целью определения отношения молодых девушек к гендерной культуре был проведен опрос. Этот метод позволил получить числовые данные. Содержание анкеты охватывает отношения между отцом и дочерью, вопросы различных аспектов (национальный, карьерный, современный, гендерный). Результаты опроса были представлены на диаграмме. В результате исследования родителям, отцам были даны рекомендации, направленные на формирование гендерной культуры в соответствии с характером девочек-подростков.

Ключевые слова: гендерная культура, отец, подросток, гендерная роль, гендерные нормы, семья, отношения.

M.G. Koshkarova*¹, K.T. Atemova², Z.A. Zubayraeva³

^{1,3} *Abay Myrzakhmetov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan*

² *L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

The role of the father in shaping the gender culture of teenage girls

Abstract. The mastery of professions belonging to boys by modern girls, the influence of the social environment in society, and difficulties in the social environment lead girls from feminine fragility to masculine rigor. At the same time, the behavior, thinking, dressing, and communication of girls as boys is manifested in the incorrect organization of the roles of girls and women in the family. That is, the girl's increased ego, the man's heightened self-awareness, and the manifestation of phenomena not peculiar to his nature and National existence served as the basis for studying this issue. In this context, the main purpose of writing this article is to describe the role of the father in shaping the qualities inherent in the

gender, nature, and national identity of girls. Thus, the study examined the role of the father in shaping the gender culture of teenage girls. The role of the father's image in the formation of gender identity, culture, and the gender role of adolescent girls was characterized. A comparative analysis of the research and approaches of Russian scientists in Western countries has been carried out.

The study involved teenage girls between the ages of 13 and 16. The survey method was chosen as the research method. A survey was conducted to determine the attitude of young girls toward gender culture. This method allowed us to obtain numerical data. The content of the questionnaire covers the relationship between father and daughter, questions of various aspects (National, career, modern, gender). The survey results were shown in the diagram. As a result of the study, parents and fathers were given recommendations aimed at forming a gender culture in accordance with the character of teenage girls.

Keywords: gender culture, father, teenager, gender role, gender norms, Family, relationships.

References

Andreeva, N.I. (2005) 'Formirovaniye gendernoi kultury v sovremennom obshestve: filosofsko-kulturologicheski analiz. Dis. ... doct. Philos. Sciences, 09.00.13' [The formation of gender culture in modern society: a philosophical and cultural analysis] Rostov n/A: Rostov State University, 285 p. (in Russian)

Balyukova, I. B. (2024) 'Etnicheskie osobnosti roli obraza otsa v formirovaniye gendernoi identichnosti devuşek' [The role of ethnic identity in the formation of gender identity of girls, the world of science]. *Pedagogy and psychology*, 12(2). Available at: <https://mir-nauki.com/PDF/43PSMN224.pdf> (accessed November 14, 2025). (in Russian)

Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniñ Jarlyǵy (2016). «Qazaqstan Respublikasyndaǵy 2030 jylǵa deingi otbasylyq jáne genderlik sayasat tujyrymdamasyn bekitu turaly QR Prezidentiniñ № 384 Jarlyǵyna ózgeris engizu turaly [On introducing amendments to Presidential Decree No. 384 of the Republic of Kazakhstan "On approval of the Concept of Family and Gender Policy in the Republic of Kazakhstan until 2030"]».

Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000384> (accessed: 14 November 2025).

Kassabolat, A.Z., Agabekova, Z.A., Kalkeyeva, K.R. and Kalimzhanova, R.L. (2024) 'The problem of gender identity and equality in pedagogical theory and practice', 3i: *Intellect, Idea, Innovation*, No. 1, pp. 68–75. https://doi.org/10.52269/2266070_2024_1_68 (in Kazakh)

Myers, D. and Tuenge, J. (2018) 'Áleýmettik psihologiya' [Social Psychology]. 12th edition. Astana: National Translation Bureau, 648 p. (in Kazakh)

Osipova, M.P. (2015) *Vospitanie gendernoi kultury mladshih sholnikov* [Education of the gender culture of younger schoolchildren], *Bulletin of the Brest University. Series 3. Philology. Pedagogy. Psychology*, (2), pp. 91-99. (in Russian)

Taldamalyq esep. (2024) *Qazaqstandaǵy genderlik teńdiktı jáne äielderdiñ qūyqtary men mümkindikterin keñeituge qoǵamdyq közqaras* / Astana. - 2024 j. - 112 b. (in Kazakh)

Shinkareva, N.A. (2010) 'Osobnosti gendernoi kultury i urovni ee sformirovannosti u vospitannikov detskogo doma' [Features of gender culture and levels of its formation among children in orphanages]. *Bulletin of Tomsk State Pedagogical University*, (10), pp. 116-120. (in Russian)

Bragg, S., Renold, E., Ringrose, J., and Jackson, C. (2020). 'More than boy, girl, male, female': Exploring young people's views on gender diversity within and beyond school contexts. In *Trans youth in education* (pp. 100-114). Routledge.

Corleis, V. and Lesch, E. (2024). 'Empowering Daddy's Little Girl: A Selective Review and Synthesis of Literature on Fathers' Engagement With Daughters and Its Potential to Empower Daughters', *Men and Masculinities*, 0(0). <https://doi.org/10.1177/1097184X241287517>

Dennaoui, N., Kolt, G.S., Guagliano, J.M. and George, E.S. (2024). 'Participation in physical activity and sport in adolescent girls from Middle Eastern backgrounds', *Ethnicity & Health*, 29(7), pp. 756–773. <https://doi.org/10.1080/13557858.2024.2376054>

John, N. A., Stobenau, K., Ritter, S., Edmeades, J., and Balvin, N. (2017). 'Gender socialization during adolescence in low-and middle-income countries: Conceptualization, influences and outcomes. Қолжетімді: <https://hdl.handle.net/20.500.12799/5318> (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 14 қараша).

Lesch, E. and Scheffler, F. (2016). 'Fathers, adolescent daughters and gender in a low-income South African community', *Journal of Gender Studies*, 25(5), pp. 540–556. <https://doi.org/10.1080/09589236.2015.1051521>

Runcan, R. And Drușcă, O. (2019). 'Social Work and Family Relationships: Impact of Paternal Education on Teenage Girls', *Revista de Asistență Socială*, 17, pp. 67–84.

Авторлар туралы мәліметтер:

Кошкарлова М.Г. - хат-хабар авторы, PhD докторант, Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Әуезов көшесі 189а, 020000, Көкшетау, Қазақстан.

Атемова К.Т. - педагогика ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Педагогика» кафедрасының профессоры, Янушкевич көшесі 6, 010000, Астана, Қазақстан.

Зубайраева З.А. - педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының доценты, Әуезова көшесі 189а, 020000, Көкшетау, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Кошкарлова М.Г. – автор для корреспонденции, докторант PhD Кокшетауского университета имени Абая Мырзахметова, ул. Ауезова. 189а, 020000, Кокшетау, Казахстан.

Атемова К.Т. – д.п.н., профессор кафедры «Педагогика» Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, ул. Янушкевича. 6. 010000, Астана, Казахстан.

Зубайраева З.А. – к.п.н., доцент кафедры «Социальных-педагогических дисциплин» Кокшетауского университета имени Абая Мырзахметова, ул. Ауезова. 189а, 020000, Кокшетау, Казахстан.

Information about the authors:

Koshkarova M.G. – corresponding author, PhD student, Abai Myrzakhmetov Kokshetau University, Auezova Str. 189A, 020000, Kokshetau, Kazakhstan.

Atemova K.T. – doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Department of "Pedagogy", L.N. Gumilyov Eurasian National University, Janushkevich Str. 6, 010000, Astana, Kazakhstan.

Zubairaeva Z.A. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Department of «Social and pedagogical disciplines», Abay Myrzakhmetov Kokshetau University, Auezova Str. 189A, 020000, Kokshetau, Kazakhstan.